

"Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау қағидаларын бекіту туралы" Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 22-НҚ нормативтік қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2021 жылғы 4 маусымдағы № 4-НҚ нормативтік қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 10 маусымда № 22984 болып тіркелді

"Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" 2015 жылғы 12 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабының 5-тармағына сәйкес Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті (бұдан әрі – Есеп комитеті) ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау қағидаларын бекіту туралы" Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 22-НҚ нормативтік қаулысына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12720 болып тіркелген, 2016 жылғы 13 қаңтарда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген нормативтік қаулымен бекітілген Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау қағидалары осы нормативтік қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Есеп комитетінің Заң бөлімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы нормативтік қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы нормативтік қаулының Есеп комитетінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы нормативтік қаулының орындалуын бақылау Есеп комитетінің аппарат басшысына жүктелсін.

4. Осы нормативтік қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Республикалық бюджеттің  
атқарылуын бақылау жөніндегі  
есеп комитетінің Төрайымы

Н. Годунова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі

Республикалық бюджеттің  
атқарылуын бақылау жөніндегі  
есеп комитетінің  
2021 жылғы 4 маусымдағы  
№ 4-НҚ Нормативтік қаулыға  
қосымша

Республикалық бюджеттің  
атқарылуын бақылау жөніндегі  
есеп комитетінің  
2015 жылғы 15 желтоқсандағы  
№ 22-НҚ нормативтік  
қаулысымен бекітілген

## **Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" 2015 жылғы 12 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 39-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді және тиісті деңгейдегі мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау тәртібін айқындаиды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) апелляция – кандидаттың біліктілік емтиханының қорытындысы бойынша білімді растау жөніндегі ұйым қабылдаған шешімді қайта қарау туралы жазбаша өтініші;

2) апелляциялық комиссия – кандидаттардың апелляцияларын қарау үшін білімді растау жөніндегі ұйым құратын комиссия;

3) біліктілік емтиханы – кандидаттың сертификаттау пәндері бойынша емтихан модулін орындау рәсімі;

4) білімді растау жөніндегі ұйым – тиісті деңгейдегі мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер кандидаттар үшін білімін растау рәсімін өткізетін ұйым;

5) емтихан модулі – тест сұрақтарынан және кешенді ахуалдық тапсырмалардан тұратын тапсырмалар көлемі;

6) емтихан комиссиясы – біліктілік емтиханының нәтижелерін тексеру мен бағалауды жүзеге асыру үшін білімді растау жөніндегі ұйым құратын комиссия;

7) кандидат – тиісті деңгейдегі мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер Қазақстан Республикасының азаматы;

8) кандидаттың білімін растауы – біліктілік емтиханын тапсыру арқылы кандидаттың білім деңгейін бағалау;

9) қадағалаушылар – біліктілік емтиханын өткізу процесін қадағалауды жүзеге асыратын адамдар;

10) Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау жөніндегі ұлттық комиссия (бұдан әрі – Ұлттық комиссия) – тиісті деңгейдегі мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдардың кәсіби, іскерлік қасиеттерін айқындастын консультативтік-кеңесші орган;

11) мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау (бұдан әрі – сертификаттау) – білімін растау және Ұлттық комиссияда әңгімелесу арқылы кандидатқа тиісті деңгейдегі мемлекеттік аудитор біліктілігін беру рәсімі;

12) мемлекеттік аудитор сертификаты – Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес кандидатқа тиісті деңгейдегі мемлекеттік аудитор біліктілігін беруді растайтын, арнайы қорғау дәрежесі бар, Ұлттық комиссия беретін белгіленген үлгідегі құжат;

13) Ұлттық комиссияның жұмыс органды – қызметі Ұлттық комиссия туралы ережемен айқындалатын Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті (бұдан әрі – Есеп комитеті).

## **2-тарау. Тиісті деңгейдегі мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау тәртібі**

### **3. Сертификаттау мынадай:**

- 1) тиісті саладағы ішкі мемлекеттік аудитор;
- 2) мемлекеттік аудитор;
- 3) жоғары санатты мемлекеттік аудитор деңгейлері бойынша жүзеге асырылады.

### **4. Сертификаттау:**

- 1) кандидаттың білімін растау;
- 2) кандидаттың Ұлттық комиссияда әңгімелесуі кезеңдерін қамтиды.

### **1-параграф. Кандидаттың білімін растау**

5. Білімді растауды "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалған үйым (бұдан әрі - білімді растау жөніндегі үйым) жүргізеді .

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес білімді растау жөніндегі үйым айқындалмаған жағдайда, білімді растауды Заңың 12-бабы 4-тармағының 8) тармақшасына және 14-бабы 6) тармақшасына сәйкес:

сыртқы мемлекеттік аудитті жүзеге асыратын кандидаттар үшін – Есеп комитеті;

ішкі мемлекеттік аудитті жүзеге асыратын кандидаттар үшін – ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) үйимдастырады.

Білімді растау компьютерлік техниканы пайдалана отырып, біліктілік емтихандарын тапсыру жолымен жүргізіледі, қажет болған жағдайда қашықтық форматында жүргізіледі.

6. Біліктілік емтиханы тест сұрақтарынан және кешенді ахуалдық тапсырмадан түрады.

Біліктілік емтиханы кандидаттың қалауы бойынша қазақ немесе орыс тілдерінде өтеді.

7. Пәндер бойынша біліктілік емтихандарын өткізудің күнтізбелік жылға арналған кестесін:

сыртқы мемлекеттік аудитті жүзеге асыратын кандидаттар үшін – Есеп комитетінің; ішкі мемлекеттік аудитті жүзеге асыратын кандидаттар үшін – уәкілетті органның келісімі бойынша білімді растау жөніндегі ұйым айқындаиды.

8. Кандидат білімін растауға қатысу үшін білімді растау жөніндегі ұйымға мынадай құжаттарды:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кандидат тапсыруға үміт білдірген біліктілік емтиханы көрсетілген өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін ұсынады.

9. Өтініш және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі құжат тігілетін папкаға бекітіледі, оның беткі жағында: №\_\_ жеке іс, кандидаттың аты және әкесінің аты (ол болған кезде), тегі, ресімделу күні көрсетіледі.

Кандидаттардың жеке істері білімді растау жөніндегі ұйымда бес жыл бойы сақталады.

10. Өтініш кіріс хат-хабарлар журналында тіркеледі.

Кіріс хат-хабарының реттік нөміріне сәйкес келетін тіркеу күні мен нөмірі кандидаттың өтінішіне қойылады.

11. Тиісті саладағы ішкі мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге кандидат аудит типіне қарай біліктілік емтиханын тапсырады.

Қаржылық есептілік аудиті саласындағы ішкі мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге кандидат мынадай:

1) қоғамдық сектор үшін халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау;

2) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес квазимемлекеттік секторда бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау;

3) қаржылық есептілік аудиті пәндері бойынша біліктілік емтиханын тапсырады.

Сәйкестік аудиті саласындағы ішкі мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге кандидат мынадай:

1) қоғамдық сектор үшін халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау;

2) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес квазимемлекеттік секторда бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау;

3) сәйкестік аудиті пәндері бойынша біліктілік емтиханын тапсырады.

Тиімділік аудиті саласындағы ішкі мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге кандидат мынадай:

1) қоғамдық сектор үшін халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау;

2) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес квазимемлекеттік секторда бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау;

3) тиімділік аудиті пәндері бойынша біліктілік емтиханын тапсырады.

Уш саланың: қаржылық есептілік аудиті, тиімділік аудиті және сәйкестік аудиті салаларының бірінен ішкі мемлекеттік аудитор сертификаты бар кандидат бастапқы біліктілікті иеленген сәттен бастап Ұлттық комиссияның жұмыс органына тиісті саладағы ішкі мемлекеттік аудитор біліктілігін иелену үшін осы Қағидалардың 43-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

Кандидат бір мезгілде барлық үш сала бойынша ішкі мемлекеттік аудитор біліктілігіне үміткер бола алады.

Барлық үш салада: қаржылық есептілік аудиті, тиімділік аудиті және сәйкестік аудиті салаларында ішкі мемлекеттік аудитор сертификаты бар адамдарға Ұлттық комиссияның шешімі бойынша осы Қағидаларда көзделген тәртіппен мемлекеттік аудитор біліктілігі беріледі.

12. Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге кандидат мынадай:

1) қоғамдық сектор үшін халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау;

2) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес квазимемлекеттік секторда бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау;

3) сәйкестік аудиті;

4) тиімділік аудиті;

5) қаржылық есептілік аудиті пәндері бойынша біліктілік емтиханын тапсырады.

13. Үлгілік тест сұрақтарының тізбесін және үлгілік кешенді ахуалдық тапсырмалардың мазмұнын білімді растау жөніндегі үйым әзірлейді және интернет-ресурсқа орналастырады.

14. Бухгалтерлік есеп және аудит саласында ұлттық және (немесе) халықаралық кәсіби біліктілігі бар кандидаттар Ұлттық комиссияның жұмыс органының (бұдан әрі – Жұмыс органы) шешімі бойынша сертификаттау пәндері бойынша жекелеген емтихандарды тапсырудан мынадай тәртіппен босатылады:

1) мынадай: "аудитор", ACCA (Association of Chartered Certified Accountants) (Сертификатталған алқа бухгалтерлер қауымдастыры), ACA (Associated Chartered Accountant) (Қауымдастырылған дипломды бухгалтер) біліктіліктерінің біріне ие

кандидаттар "Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес квазимемлекеттік секторда бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау" және "Қаржылық есептілік аудиті" пәндері бойынша емтихандар тапсырудан босатылады;

2) мынадай: "кәсіби бухгалтер", DipIFR (Diploma in International Financial Reporting) (Халықаралық қаржылық есептілік бойынша диплом) біліктіліктерінің біріне ие кандидаттар "Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес квазимемлекеттік секторда бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау" пәні бойынша емтихан тапсырудан босатылады;

3) CIPFA (The Chartered Institute of Public Finance and Accountancy) (Мемлекеттік секторға арналған халықаралық қаржылық есептілік стандарттары бойынша диплом), CIPFA DipIPSAS-пен (Diploma in international public sector accounting standards) (Мемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттары бойынша диплом) бірге CIPFA public auditor (Chartered Institute of Public Finance and Accountancy Public Auditor) (Дипломды мемлекеттік қаржы және бухгалтерлік есеп институты мемлекеттік аудитор) біліктілігіне ие кандидаттар "Қоғамдық сектор үшін халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау" және "Қаржылық есептілік аудиті" пәндері бойынша емтихандар тапсырудан босатылады;

4) IPSAS ACCA (Certificate in International Public Sector Accounting Standards) (Мемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттары бойынша сертификат) біліктілігіне ие кандидаттар "Қоғамдық сектор үшін халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау" пәні бойынша емтихан тапсырудан босатылады.

15. "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалған білімді растау жөніндегі ұйым:

сыртқы мемлекеттік аудитті жүзеге асыратын кандидаттар үшін – Есеп комитетімен ;

ішкі мемлекеттік аудитті жүзеге асыратын кандидаттар үшін – уәкілетті органмен келісілген емтихан модульдері бойынша біліктілік емтиханың өткізу арқылы біліктілік емтиханың ұйымдастырады.

Емтихан модульдері қолданыстағы заннама мен мемлекеттік аудиттің халықаралық стандарттары ескеріле отырып, қазақ және орыс тілдерінде әзірленеді және жыл сайын жаңартылуға жатады. Емтихан модульдерінде пәндерге байланысты тест сұрақтары мен кешенді ахуалдық тапсырмалар қамтылады.

16. Емтихан модульдері таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатады.

17. Біліктілік емтиханың өткізуге арналған үй-жай емтихан процесінің барысын тіркеуді қамтамасыз ететін аудио, бейнежазба құралдарымен жабдықталады. Аудио,

бейнежазба деректерін сақтау мерзімі біліктілік емтиханын өткізген күннен бастап кемінде бір жылды құрайды.

18. Біліктілік емтиханынан өту кезінде кандидатқа басқа адамдармен сөйлесуіне, материалдармен алмасуына, қабылдайтын-беретін электрондық құрылғыларды (соның ішінде дербес қалта компьютерлері мен өзге де электрондық жабдықтарды), сондай-ақ қағаз және электрондық жеткізгіштердегі ақпаратты пайдалануына, білімді растау жөніндегі ұйым өкілінің ілесіп журуінсіз үй-жайдан шығуына жол берілмейді.

Кандидат осы тармақтың талаптарын бұзған кезде кандидаттың емтихан процесі тоқтатылып, ол үй-жайдан шығарылады, ал біліктілік емтиханының қолда бар аралық нәтижелерінің күші жойылады. Қадағалаушылар осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілік емтиханы рәсімдерінің бұзылғаны туралы акт жасайды.

19. Өзіне қатысты біліктілік емтиханы рәсімінің бұзылғаны туралы акт жасалған кандидат білімді растау жөніндегі ұйымның тиісті күнтізбелік жылға бекіткен Біліктілік емтихандарының кестесіне сәйкес бұзушылық анықталған күннен бастап алты ай өткеннен кейін оны қайта өтеді.

20. Білімді растау жөніндегі ұйым біліктілік емтихан өткізген кезде тиісті мемлекеттік органның:

сыртқы мемлекеттік аудитті жүзеге асыратын кандидаттар үшін – Есеп комитетінің; ішкі мемлекеттік аудитті жүзеге асыратын кандидаттар үшін – уәкілетті органның өкілі қатысады.

Есеп комитетінің өкілі білімді растау жөніндегі ұйымды алдын ала хабардар ете отырып, ішкі мемлекеттік аудитті жүзеге асыратын кандидаттар үшін өткізілетін біліктілік емтиханының кез келген кезеңіне қатысады.

21. Білімді растау жөніндегі ұйым біліктілік емтиханын өткізуіндегі ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының, жоғары оку орындарының, мемлекеттік емес ұйымдардың өкілдері қатарынан құрамы үш адамнан аспайтын қадағалаушылардың қатысуын қамтамасыз етеді.

22. Сертификаттаудың әр пәні бойынша біліктілік емтиханының ұзақтығы үш сағаттан (180 минут) аспайды, оның ішінде:

тестілеуден өтүге – 60 минуттан аспайтын, кешенді ахуалдық тапсырманы шешуге – 120 минуттан аспайтын уақыт беріледі.

23. Тестілеуден өтүге бөлінген уақыт өткеннен кейін бағдарлама автоматты түрде жабылады. Тестілеуден өту қорытындысы бойынша дұрыс жауаптарды есептеу компьютерлік бағдарламаның көмегімен автоматты түрде жүргізіледі.

24. Егер дұрыс жауаптардың саны (жалпы жиынтық мәнде және сертификаттау пәні бөлінісінде) мүмкін болатын жүз (100) пайыздың кемінде жетпіс (70) пайызын құраса, кандидат біліктілік емтиханынан өткен болып есептеледі.

25. Тестілеу нәтижелері және кешенді ахуалдық тапсырмалардың шешімі ведомоспен ресімделеді және оған бір жұмыс күні ішінде біліктілік емтиханың өткізуді ұйымдастыруға жаупты білімді растау жөніндегі ұйымның өкілдері, қадағалаушылар мен кандидат қол қояды.

26. Білімді растау жөніндегі ұйым емтихан комиссиясын:

сыртқы мемлекеттік аудитті жүзеге асыратын кандидаттар үшін – Есеп комитетімен ;

ішкі мемлекеттік аудитті жүзеге асыратын кандидаттар үшін – уәкілетті органмен келісе отырып, адамдардың тақ санынан (кемінде бесеу) қалыптастырады.

Емтихан комиссиясының құрамына: білімді растау жөніндегі ұйымның үш өкілі, сыртқы мемлекеттік аудитті жүзеге асыратын кандидаттар үшін Есеп комитетінің бір өкілі, ішкі мемлекеттік аудитті жүзеге асыратын кандидаттар үшін уәкілетті органның бір өкілі, үкіметтік емес ұйымның бір өкілі кіреді.

27. Біліктілік емтиханың тапсыру қорытындысы бойынша оң нәтиже алған кандидатқа білімді растау жөніндегі ұйым ведомосқа қол қойылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша тиісті деңгейдегі мемлекеттік аудитор біліктілігіне білімін растау туралы құжат береді.

Білімді растау туралы құжаттың көшірмесі кандидаттың жеке ісіне тігіледі.

Біліктілік емтиханың тапсыру қорытындысы бойынша білімін растаған адамдардың тізімі ведомосқа қол қойылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде білімді растау жөніндегі ұйымның интернет-ресурсына орналастырылады.

28. Кандидаттың тиісті деңгейдегі мемлекеттік аудитор біліктілігіне білімін растау туралы құжаты білімін растау туралы құжат берілген күннен бастап әңгімелесуге жіберу туралы өтініш берген күнге дейін бір жыл ішінде оның Ұлттық комиссияда одан әрі әңгімелесуден өтуі үшін негіз болып табылады.

29. Біліктілік емтиханың тапсыра алмаған кандидат ведомосқа қол қойылған күннен бастап үш ай өткен соң оны қайта тапсырады.

Біліктілік емтиханың қайта тапсыру күні білімді растау жөніндегі ұйымның тиісті құнтізбелік жылға арналған Біліктілік емтихандарының бекітілген кестесіне сәйкес белгіленеді.

## 2-параграф. Апелляциялық комиссия

30. Білімді растау жөніндегі ұйым апелляциялық комиссияны біліктілік емтиханының қорытындыларымен келіспеген кандидаттардың өтініштерін қарau үшін қурады.

31. Білімді растау жөніндегі ұйым апелляциялық комиссияны:

сыртқы мемлекеттік аудитті жүзеге асыратын кандидаттар үшін – Есеп комитетімен ;

ішкі мемлекеттік аудитті жүзеге асыратын кандидаттар үшін – уәкілетті органмен келісе отырып, сертификаттау бойынша маманданудың (пәннің) тиісті салаларында сарапшылар болып табылатын және емтихан комиссиясының құрамына кірмейтін кемінде үш мүшеден тұратын құрамда қалыптастырады және бекітеді.

32. Кандидат біліктілік емтиханының қорытындыларымен келіспеген жағдайда, апелляциялық комиссияға біліктілік емтиханының қорытындылары туралы хабарланған күннен кейінгі үш жұмыс күнінен кешіктірмей, өзінің негізделген келіспеушілігін (нақты сұрақтардың қысынсыздығы, техникалық ақаулықтарға сілтеме жасай отырып, тестілеу нәтижелері, тестілеудің қалыпты барысына кедергі болған жағдайларға сілтеме жасай отырып, тестілеу нәтижелері) көрсете отырып, жазбаша нысанда немесе электрондық түрде жүгінеді.

33. Апелляцияға берілген өтініш білімді растау жөніндегі ұйымның кіріс хат-хабарлар журналында тіркеледі. Кіріс хат-хабарының реттік нөміріне сәйкес келетін тіркеу күні мен нөмірі кандидаттың өтінішіне қойылады.

34. Апелляциялық комиссия апелляцияға берілген өтінішті қарau нәтижелері бойынша өтініш келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мынадай:

1) апелляцияға берілген өтінішті қанағаттандырусыз қалдыру;

2) кандидаттың апелляциясын қанағаттандыру және оны біліктілік емтиханын қайта тапсыруға жіберу туралы екі шешімнің бірін қабылдайды.

35. Апелляцияға өтініш берген кандидат біліктілік емтиханының қорытындысымен танысады, өзінің апелляцияға берген өтінішін қарau кезінде қатысады.

Апелляциялық комиссияның шешімі апелляцияға берген кандидатқа беріледі және шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде білімді растау жөніндегі ұйымның интернет-ресурсына орналастырылады.

36. Апелляцияға қайта берілген өтініш қаралмайды.

37. Кандидат апелляциялық комиссияның шешіміне сот тәртібімен шағымдануы мүмкін.

38. Тиісті саладағы ішкі мемлекеттік аудитор, мемлекеттік аудитор, жоғары санатты мемлекеттік аудитор біліктілігін иелену үшін сертификаттауға: экономика және бизнес (экономика немесе әлемдік экономика немесе қаржы немесе есеп және аудит немесе менеджмент немесе мемлекеттік және жергілікті басқару немесе мемлекеттік аудит) немесе құқық (құқықтану немесе халықаралық құқық) жоғары білімі және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кандидат жіберіледі.

39. Тиісті саладағы ішкі мемлекеттік аудитор біліктілігі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының жүйесінде және (немесе) функционалдық міндеттеріне сәйкес келетін экономика, қаржы, құқық салаларында және (немесе) аудит саласындағы халықаралық ұйымдарда және (немесе) квазимемлекеттік сектор субъектілерінде кемінде екі жыл жұмыс өтілі бар кандидатқа беріледі.

40. Мемлекеттік аудитор біліктілігі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының жүйесінде аудит жүргізумен байланысты бағыттар бойынша (талдамалық, әдіснамалық, сапаны бақылау, заң тұрғысынан сүйемелдеу) және (немесе) тиісті функционалдық міндеттеріне сәйкес келетін экономика, қаржы, құқық салаларында және (немесе) аудит саласындағы халықаралық ұйымдарда кемінде үш жыл және (немесе) ішкі мемлекеттік аудитордың немесе мемлекеттік аудитор асистентінің кемінде екі жыл жұмыс өтілі бар кандидатқа беріледі.

41. Жоғары санатты мемлекеттік аудитор біліктілігі:

1) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының жүйесінде мемлекеттік аудитор ретінде немесе аудит жүргізумен байланысты бағыттар бойынша (талдамалық, әдіснамалық, сапаны бақылау, заң тұрғысынан сүйемелдеу) кемінде бес жыл жұмыс өтілі бар;

2) мемлекеттік аудитор сертификаты бар;

3) мына халықаралық кәсіби ұйымдардың бірі: ICAEW (Institute of Chartered Accountants in England and Wales) (Англия мен Уэльстің алқа бухгалтерлер институты), ACCA (Association of Chartered Certified Accountants) (Сертификатталған алқа бухгалтерлер қауымдастыры), CIPFA (Chartered Institute of Public Finance and Accountancy) (Мемлекеттік секторға арналған халықаралық қаржылық есептілік стандарттары бойынша диплом), IIA (Institute of Internal Auditors) (Ішкі аудиторлар институты) берген мына кәсіби біліктіліктердің бірі: ACA (Associated Chartered Accountant) (Қауымдастырылған дипломды бухгалтер), ACCA (Association of Chartered Certified Accountants) (Сертификатталған алқа бухгалтерлер қауымдастыры), CIPFA (Chartered Institute of Public Finance and Accountancy) (Мемлекеттік секторға арналған халықаралық қаржылық есептілік стандарттары бойынша диплом), CIPFA DipIPSAS-пен (Diploma in international public sector accounting standards) (Мемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттары бойынша диплом) бірге CIPFA public auditor (Chartered Institute of Public Finance and Accountancy Public Auditor ) (Дипломды мемлекеттік қаржы және бухгалтерлік есеп институты мемлекеттік аудитор), CIA (Certified Internal Auditor) (Дипломы бар ішкі аудитор), ACCA F8 (Audit and Assurance) не ACCA F8-пен (Аудит және анықтығын растау) бірге IPSAS ACCA (Certificate in International Public Sector Accounting Standards) (Мемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттары бойынша сертификат) (орыс тілінде) бар екенін растайтын құжаты бар;

4) Қаржы министрлігі Дүниежүзілік банкпен бірлесіп әзірлеген, ішкі мемлекет аудит және қаржылық бақылау органдары үшін қолданылатын сертификатпен (Public Audit and Assurance) (Мемлекеттік аудит және анықтығын растау) IPSAS ACCA (Certificate in International Public Sector Accounting Standards) (Мемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттары бойынша сертификат) кәсіби біліктілігінің болуын растайтын құжаты бар;

5) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының жүйесінде соңғы екі жыл ішінде мемлекеттік аудиторлар қызметінің тиімділігін бағалаудың оң нәтижесі бар ;

6) алынбаған тәртіптік жазалары жоқ кандидатқа беріледі.

42. Өтініш берген кезде сottылығы өтелмеген немесе заңда белгіленген тәртіппен алынбаған, сондай-ақ сыйбайлар жемқорлық құқық бұзушылық жасаған адам сертификаттауға жіберілмейді.

### **3-параграф. Ұлттық комиссияда әңгімелесу**

43. Кандидат тиісті деңгейдегі мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге әңгімелесуден өту үшін Жұмыс органына пошта байланысы арқылы мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кандидат үміт білдірген тиісті деңгейдегі мемлекеттік аудитор біліктілігі көрсетілген өтініш.

2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) жоғары білімінің болуын растайтын құжаттың қосымшаларымен бірге көшірмесі.

Шетелдік білім беру үйымдарында алған білімі туралы құжаттардың көшірмелеріне "Болашақ" халықаралық стипендиясын иеленушінің шетелдік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдары, ғылыми орталықтары мен зертханалары берген, сондай-ақ өзара тану және баламалылығы туралы халықаралық шарттың (келісімнің) қолданылу аясына жататын білім туралы құжаттарды қоспағанда, білім беру саласындағы уәкілетті орган берген осы білім туралы құжаттарды тану немесе нострификациялау туралы куәліктердің көшірмелері қоса беріледі.

"Болашақ" халықаралық стипендиясының иегерлеріне берілген білім туралы құжаттардың көшірмелеріне "Халықаралық бағдарламалар орталығы" акционерлік қоғамы берген оқуды аяқтағаны туралы анықтаманың көшірмесі қоса беріледі.

Өзара тану және баламалылығы туралы халықаралық шарттың (келісімнің) қолданылу аясына жататын білім туралы құжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген білім туралы осы құжаттарды тану туралы анықтамалардың көшірмелері қоса беріледі.

Егер құжат (диплом/сертификат) және оған қосымшалар шет тілінде болса, белгіленген тәртіппен нотариат куәландырған қазақ және (немесе) орыс тіліндегі аудармасы ұсынылады.

4) еңбек өтілі бар адамдар үшін еңбек кітапшасының көшірмесі;

мемлекеттік қызметшілер үшін "Мемлекеттік қызметшінің қызметтік тізімінің нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 21 қазандығы № 14 бүйрүғына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14436 болып тіркелген) сәйкес ресімделген қызметтік тізім;

бірыңгай жинақтаушы зейнетақы қорынан аударылған міндettі зейнетақы жарналары туралы үзінді көшірмелер;

5) бухгалтерлік есеп, аудит және қаржы саласында ұлттық немесе халықаралық кәсіби біліктілік берілгені туралы құжаттың көшірмесі (болған жағдайда);

6) осы Қағидаларға 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша білімді растау жөніндегі ұйым берген ішкі мемлекеттік аудитор, мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдар үшін білімді растау жөніндегі құжаттардың көшірмесі;

7) жеке деректердің (аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі) өзгергенін растайтын құжаттың көшірмесі;

8) 3x4 көлеміндегі фотосурет (жеке іске);

9) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1-тармағында көзделген негіздер бойынша дербес деректерді жинауға және өндеуге келісім беру туралы өтініш.

Жоғары санатты мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдар үшін:

10) мемлекеттік аудитор сертификатының көшірмесі;

11) осы Қағидалардың 41-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген халықаралық кәсіби біліктіліктердің бірін иелену туралы құжаттың көшірмесі.

Осы тармақтың 2) - 7), 10) және 11) тармақшаларында көзделген құжаттар персоналды басқару қызметінің (кадр қызметі) қолымен және мөрімен (мөртабанымен) куәландағырылған не нотариат куәландағырылған нысанда ұсынылады.

Барлық құжат құжат тігілетін папкада бекітіледі, оның беткі жағында: осы Қағидаларға 6-қосымшага сәйкес нысан бойынша №\_\_ жеке іс, кандидаттың аты және әкесінің аты (болған жағдайда), тегі, ресімделу күні көрсетіледі.

Әңгімелесуге қатысу бойынша жұмысалатын шығыстарды (әңгімелесу өтетін жерге бару және қайту, тұрғын үй-жай жалдау, тұру, байланыстың барлық түрінің қызметтерін пайдалану) кандидат өз қаражаты есебінен көтереді.

44. Жұмыс органына келіп түсетін кандидаттың құжаттарын Жұмыс органы кеңесінің жұмыскері қабылдап, электрондық құжат айналымының ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – ақпараттық жүйе) құжаттардың келіп түскен күні тіркейді.

45. Кандидаттың құжаттарын қарауды, өтуін, орындауды, есепке алушы және сақтауды Жұмыс органы тиісті құқықтық актімен және (немесе) Жұмыс органының Регламентімен бекітілген құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану тәртібіне сәйкес жүзеге асырады.

46. Жұмыс органы ұсынылған құжаттардың толықтығын және кандидаттың осы Қағидалардың 38, 39, 40, 41, 42 және 43-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеруді ұйымдастырады.

47. Ұсынылған құжаттардың толық болмау және талаптарға сәйкес келмеу фактісі анықталған жағдайда, Жұмыс органы өтініштің тіркелген күнінен бастап он жұмыс

күні ішінде кандидатқа әңгімелесуге жіберуден жазбаша түрде дәлелді бас тартуды жібереді.

Осы тармақта көрсетілген негіздер бойынша әңгімелесуге жіберуден бас тарту әңгімелесуден өту үшін құжаттарды қайта беруге тыым салуға әкеп соқпайды.

48. Жұмыс органы кандидатты осы Қағидаларда көзделмеген талаптарға сәйкестігін тексеруге жол бермейді.

49. Кандидаттың осы Қағидалардың 41-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкестігі Жұмыс органының ұсынысы бойынша кандидаттың жоғары санатты мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуі бойынша Ұлттық комиссияның шешімі үшін негіз болып табылады.

Осы Қағидалардың 41-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмеу және ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайларда, Жұмыс органы құжат келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде кандидатқа жоғары санатты мемлекеттік аудитор біліктілігін беру бойынша жазбаша түрде дәлелді бас тартуды жібереді.

50. Жұмыс органы уәкілетті мемлекеттік органдардан және басқа да занды тұлғалардан кандидаттың ұсынылған құжаттарының (білімі, атқаратын лауазымының өтілі) анықтығы мәселелері бойынша қосымша ақпарат алуы қажет болған жағдайларда, кандидаттың құжаттарын қарау мерзімі жеке және занды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы заннамаға сәйкес ұзартылады.

51. Кандидат осы Қағидалардың 38, 39 және 40-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайда, кандидат Ұлттық комиссияга әңгімелесуге жіберіледі және Жұмыс органы өтініштің тіркелген күнінен бастап он жұмыс күні ішінде кандидатқа Ұлттық комиссияга әңгімелесуге жіберу туралы хабарламаны телефон байланысы арқылы және (немесе) кандидаттың өтінішінде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына хабарлама жолдау арқылы жібереді.

52. Кандидаттардың әңгімелесуден өтуге кезектілігі олардың құжаттарының ақпараттық жүйеде тіркелген күні мен нөміріне қарай айқындалады.

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының жүйесінде жұмыс істеп жүрген жұмысқер болып табылатын кандидат Ұлттық комиссияның төрағасына мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының басшысы енгізген уәжделген өтінішхат негізінде және оң шешім қабылданған жағдайда Ұлттық комиссияның кезекті әңгімелесуіне жіберіледі.

53. Жұмыс органы әңгімелесу өткізілетін күнге дейін он жұмыс күнінен кешіктірмей әңгімелесу өткізілетін орынды, күнді және уақытты көрсете отырып, әңгімелесуге жіберілген адамдардың тізімін өзінің интернет-ресурсына орналастырады, кандидатқа телефон байланысы арқылы және (немесе) кандидаттың өтінішінде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына хабарлама жіберу арқылы хабарлайды, сондай-ақ осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті деңгейдегі

мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер әрбір кандидат бойынша қорытынды дайындаиды.

54. Әңгімелесуге қатысу мүмкін болмаған жағдайда кандидат әңгімелесу өткізу басталғанға дейін кемінде он жұмыс күні бұрын бұл жөнінде Жұмыс органына себептерін көрсете және растайтын құжаттарды ұсына отырып жазбаша немесе электрондық нысанда, сондай-ақ өзге де байланыс құралдары арқылы хабарлайды. Мұндай жағдайда онымен әңгімелесу Ұлттық комиссияның келесі отырысына ауыстырылады.

Әңгімелесуге келмеген және келмейтіні туралы Жұмыс органына уақтылы хабардар етпеген тиісті деңгейдегі мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер кандидаттардың өтініштері қараусыз қалдырылады және қайтарылуға жатады.

55. Жұмыс органы кандидаттардың Ұлттық комиссияда әңгімелесуден өтуі үшін білуі қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесін қалыптастырады, ол Жұмыс органының интернет-ресурсына орналастырылуға жатады.

56. Әрбір кандидатпен әңгімелесу барысы аудио, бейнежазба техникалық құралдарының көмегімен тіркеледі. Жазбалар әңгімелесу аяқталған күннен бастап кемінде бір жыл Жұмыс органында сақталады.

57. Ұлттық комиссияның шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер дауыс беруге қатысып отырған Ұлттық комиссия мүшелерінің жалпы санының басым көпшілігі оларға дауыс берсе, шешімдер қабылданған болып саналады.

Дауыстар тең болған жағдайда Ұлттық комиссияның төрағасы дауыс берген шешім қабылданған болып есептеледі.

58. Ұлттық комиссияның шешімі әңгімелесу аяқталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде хаттамамен ресімделеді және Ұлттық комиссия отырысының хаттамасына қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Жұмыс органының интернет-ресурсына орналастырылады.

59. Кандидаттың білімін растауы мен Ұлттық комиссиядан әңгімелесуден табысты өтуінің нәтижелері бойынша Ұлттық комиссияның шешімімен кандидатқа тиісті деңгейдегі мемлекеттік аудитор біліктілігін иелену туралы сертификат беріледі.

60. Әңгімелесу нәтижелері бойынша тиісті деңгейдегі мемлекеттік аудитор біліктілігін беруден бас тартылған кандидат шешім қабылданған күннен бастап бір жылдан ерте емес мерзімде Ұлттық комиссияда қайтадан әңгімелесуден өтуге құжаттар тапсыруы мүмкін.

#### **4-параграф. Тиісті деңгейдегі мемлекеттік аудитор сертификатын беру**

61. Жұмыс органы тиісті деңгейдегі мемлекеттік аудитор сертификатын Ұлттық комиссияның шешіміне қол қойылған күннен бастап Ұлттық комиссияда әңгімелесуден табысты өткен кандидаттарға он жұмыс күні ішінде береді.

62. Тиісті деңгейдегі мемлекеттік аудитор сертификаты осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті деңгейдегі мемлекеттік аудитор сертификаттарын беруді есепке алу журналы бойынша кандидаттың жеке өзіне не нотариат күәландырған сенімхат бойынша оның өкіліне беріледі.

Тиісті деңгейдегі мемлекеттік аудитор сертификатының бланкісін үйлестіруді, сақтауды, есепке алуды және пайдалануды Жұмыс органының Ұлттық комиссия қызметін қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшесі жүзеге асырады.

63. Тиісті деңгейдегі мемлекеттік аудитор сертификаты бар адамдарды есепке алу мақсатында Жұмыс органы жылдың қорытындысы бойынша есепті кезеңнен кейінгі айдың жиырмасыншы күнінен кешіктірмей тиісті деңгейдегі мемлекеттік аудитор сертификаты бар адамдардан алынған жұмыс орны және атқаратын лауазымы туралы өзекті ақпаратқа мониторинг және талдау жүргізеді.

#### **5-параграф. Тиісті деңгейдегі мемлекеттік аудитор сертификатының телнұсқаларын беру**

64. Тиісті деңгейдегі мемлекеттік аудитор сертификаты жоғалған, бұлінген жағдайда мемлекеттік аудитор Жұмыс органына оның телнұсқасын алу туралы өтініш жолдайды.

Мемлекеттік аудитордың жоғалған, бұлінген (закымданған) сертификаттары мемлекеттік аудитор Жұмыс органына мемлекеттік аудитор біліктілігін иелену туралы бұлінген (закымданған) сертификаттарды қоса бере отырып, тиісті жазбаша өтініш берген күннен бастап жарамсыз деп есептеледі.

65. Тиісті деңгейдегі мемлекеттік аудитор сертификатының телнұсқасын беруді Жұмыс органы өтініш берушіге не нотариат күәландырған сенімхат бойынша оның өкіліне телнұсқа беру туралы өтінішті алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде "телнұсқа" деген мөртаңба қоя отырып жүзеге асырады.

#### **6-параграф. Тиісті деңгейдегі мемлекеттік аудитор сертификатын қайтарып алу**

66. Ұлттық комиссия Заңын 39-бабының 8-тармағында көзделген негіздер бойынша тиісті деңгейдегі мемлекеттік аудитор сертификатын қайтарып алады жүзеге асырады.

67. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары мемлекеттік аудиторға қатысты тиісті деңгейдегі мемлекеттік аудитор сертификатын қайтарып алу үшін негіздің болуы туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде мынадай құжаттарды:

- 1) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдының тиісті деңгейдегі мемлекеттік аудитор сертификатын қайтарып алуға негіздің болуы туралы хаттамасын;
- 2) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың уәкілетті органы ұсынған мемлекеттік аудитордың кәсіби әдеп талаптарын сақтамағанын растайтын құжаттарды;

3) тиісті деңгейдегі мемлекеттік аудитор сертификатын қайтарып алуға негіз болған, қаржылық бұзушылық фактілерінің көрсетілмеуі орын алған анық емес аудиторлық есепті және мемлекеттік аудит материалдарының сапасын бақылаумен расталмаған аудиторлық есепті;

4) аудиторлық есептің сапа бақылауының нәтижелері бойынша қорытындыны;

5) Заңның 19-бабының 2-тармағына сәйкес Есеп комитеті жүргізген бақылау барысында мемлекеттік аудитор материалдарының танылмауына себеп болған мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарын бірнеше рет (бір жылда үш реттен көп) бұзғаны үшін мемлекеттік аудит нәтижелерін тану қорытындысы бойынша Есеп комитетінің қорытындысын қоса бере отырып, Жұмыс органына тиісті деңгейдегі мемлекеттік аудитор сертификатын қайтарып алу туралы ұсыныс жолдайды.

Осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көзделген бұзушылықтарға алғаш рет жол берген мемлекеттік аудиторларға ескерту жасалады.

68. Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған, сондай-ақ Заңның 39-бабының 8-тармағында көрсетілген негіздер болмаған жағдайда, Жұмыс органы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары ұсынған құжаттарды (материалдарды) қайтарады.

69. Ұсынылған құжаттар толық болған жағдайда, Жұмыс органы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органының ұсынысын растайтын құжаттарымен бірге Ұлттық комиссияның қарауына енгізеді және мемлекеттік аудиторды (сот үкімімен сотталған адамдарды қоспағанда) Ұлттық комиссия отырыстарының кестесіне сәйкес Ұлттық комиссияның отырысына шақырады.

Ұлттық комиссияның отырысында мемлекеттік аудитордың болмауы ұсынысты қарау үшін кедергі болып табылмайды.

70. Жұмыс органы Ұлттық комиссияның шешімі қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тиісті деңгейдегі мемлекеттік аудитор сертификатын қайтарып алу туралы мәліметтерді жұмыс органының интернет-ресурсына орналастырады.

71. Осы Қағидалардың 42-тармағында белгіленген адамдарды қоспағанда, Заңның 39-бабының 8-тармағында көзделген негіздер бойынша тиісті деңгейдегі мемлекеттік аудитор сертификаты қайтарып алынған адамдар әңгімелесуден өту үшін Ұлттық комиссия отырысының тиісті деңгейдегі мемлекеттік аудитор біліктілігін иелену туралы сертификатты қайтарып алу туралы хаттамасына қол қойылған күннен бастап үш жыл өткен соң Жұмыс органына осы Қағидалардың 43-тармағында көрсетілген құжаттарды қайта береді алады.

Мемлекеттік аудитор  
біліктілігін иеленуге үміткер  
адамдарды сертификаттау  
қағидаларына 1-косымша

Нысан  
Білімді растау жөніндегі ұйым

(өтініш берушінің аты, әкесінің  
аты (болған жағдайда), тегі,

## ӨТІНІШ

(денгейін (мемлекеттік аудитор/тиісті саладағы ішкі мемлекеттік аудитор) көрсету)

біліктілігіне білімді растау жөніндегі біліктілік емтиханын тапсыруға рұқсат беруінізді сүраймын.

Үйінің мекенжайы, жұмысының/үйінің және үялды телефондарының нөмірі

Электрондық поштасының мекенжайы: \_\_\_\_\_

Осы өтінішке жеке куәлігінің көшірмесін қоса беріп отырмын.

Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау қағидаларымен таныстым және олармен келісемін.

Толтырылған күні: 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_  
(коло)

Мемлекеттік аудитор біліктілігін  
иеленуге үміткер адамдарды  
сертификаттау қағидаларына  
2-қосымша  
Нысан

### Біліктілік емтиханы рәсімдерінің бұзылғаны туралы акт

20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ сағат \_\_\_\_ минут  
Қадағалаушы \_\_\_\_\_

(аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі)  
кандидат \_\_\_\_\_ жеке  
сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) \_\_\_\_\_

(аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі)

Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау қағидаларының 18-тармағының бірінші бөлігін мынадай

түрде:

---

(бұзушылықты қысқаша сипаттау)

---

---

бұзу фактісін анықтады.

Қадағалаушиның қолы

Актімен таныстым

(бұзушылыққа жол берген кандидаттың қолы, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі)

Көрсетілген бұзушылыққа жол берген кандидат осы актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, тиісті жазба жасалады.

---

(көрсетілген бұзушылыққа жол берген кандидаттың осы актіге қол қоюдан бас тартуын растайтын басқа да адамның қолы, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі, ЖСН)

Мемлекеттік аудитор біліктілігін  
иеленуге үміткер адамдарды  
сертификаттау қағидаларына  
3-қосымша  
Нысан

---

(білімді раставу жөніндегі үйымның атауы)

Тиісті саладағы ішкі мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер кандидаттың білімін раставу туралы құжат

Білімді раставу жөніндегі үйымның электрондық дерекқорында

20\_\_ жылғы "\_\_\_" № \_\_\_\_ болып тіркелген

Осы құжат

(кандидаттың аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі) (бұдан әрі – А.Ә.Т.)  
мынадай сертификаттау пәндері бойынша оң нәтиже алғандығын растайды:

№	Біліктілік емтиханы пәндерінің бірінің атауы:	Нәтиже (балл)
1	Қоғамдық сектор үшін халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау	
2	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес квазимемлекеттік секторда бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау	
3	Қаржылық есептілік аудиті	
4	Сәйкестік аудиті	
5	Тиімділік аудиті	

Күжаттың қолданылу мерзімі 20\_\_ жылғы "\_\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

### Басшы

(Білімді растау жөніндегі ұйым) (А.Ә.( болған жағдайда), Т. (қолы)

Мөрдің орны

Мемлекеттік аудитор  
біліктілігін иеленуге үміткер  
адамдарды сертификаттау  
қағидаларына 4-қосымша

Нысан

(білімді растау жөніндегі ұйымның атауы)

**Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер кандидаттың білімін растау туралы  
құжат**

Білімді растау жөніндегі ұйымның электрондық дерекқорында

20\_\_ жылғы "\_\_\_\_\_" № \_\_\_\_ болып тіркелген

Осы құжат \_\_\_\_\_

(кандидаттың аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі (бұдан әрі – А.Ә.Т.)  
мынадай сертификаттау пәндері бойынша оң нәтиже алғандығын растайды:

№	Біліктілік емтиханының атауы	Нәтиже (балл)
1	Қоғамдық сектор үшін халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау	
2	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес квазимемлекеттік секторда бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау	
3	Қаржылық есептілік аудиті	
4	Сәйкестік аудиті	
5	Тиімділік аудиті	

Күжаттың қолданылу мерзімі 20\_\_ жылғы "\_\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

## **Басшы**

(Білімді растау жөніндегі ұйым)  
Мөрдің орны

(А.Ә.(болған жағдайда), Т. (қолы)

Мемлекеттік аудитор  
біліктілігін иеленуге үміткер  
адамдарды сертификаттау  
қағидаларына 5-қосымша

Нысан

Мемлекеттік аудитор біліктілігін  
иеленуге үміткер адамдарды  
сертификаттау жөніндегі ұлттық  
комиссия

---

(өтініш берушінің аты, әкесінің  
аты (болған жағдайда), тегі)

**ӨТІНІШ \_\_\_\_\_ (денгейін (тиісті саладағы ішкі мемлекеттік аудитор/мемлекеттік аудитор/жоғары санатты мемлекеттік аудитор) көрсету)**

біліктілігін иелену үшін әңгімелесуге жіберуізді сұраймын.

Үйінің мекенжайы, үйінің және ұялы телефондарының № \_\_\_\_\_

---

Электрондық поштасының мекенжайы: \_\_\_\_\_

Осы өтінішке мыналарды қоса беріп отырмын:

("белгімен" көрсету)

жеке куәліктің көшірмесі;

жоғары білімінің болуын растайтын құжаттың көшірмесі;

еңбек өтілі бар адамдар үшін еңбек кітапшасының көшірмесі;

мемлекеттік қызметшілер үшін "Мемлекеттік қызметшінің қызметтік тізімінің нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 21 қазандағы № 14 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14436 болып тіркелген) сәйкес ресімделген қызметтік тізім;

аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелер;

бухгалтерлік есеп, аудит және қаржы саласында ұлттық немесе халықаралық кәсіби біліктілікті иелену туралы құжаттың көшірмесі (болған жағдайда);

жеке деректердің өзгергенін растайтын құжаттың көшірмесі (болған жағдайда);

тиісті саладағы ішкі мемлекеттік аудитор, мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдар үшін осы Қағидаларға 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысан

бойынша білімді растау жөніндегі ұйым берген білімді растау жөніндегі құжаттардың көшірмесі;

жоғары санатты мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдар үшін;

мемлекеттік аудитор сертификатының көшірмесі;

осы Қағидалардың 41-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген халықаралық кәсіби біліктіліктердің бірін иелену туралы құжаттың көшірмесі;

3x4 көлемдегі фотосурет (жеке іске);

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1-тармағында көзделген негіздер бойынша дербес деректерді жинауға және өндеуге келісім беру туралы етініш.

Осымен:

Тиісті деңгейдегі мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау қағидаларымен танысқанымды және олармен келісетінімді;

қоса берілген барлық құжаттың шындыққа сәйкес келетінін және жарамды екенін растаймын.

Толтырылған күні: 20\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ (қолы)

Мемлекеттік аудитор  
біліктілігін иеленуге үміткер  
адамдарды сертификаттау  
қағидаларына 6-қосымша

Нысан

(органның,	ұйымның,	мекеменің	атауы)
№	-----	жеke	i c
(аты	, әкесінің	аты	жағдайда),
тиісті	денгейдегі	(болған	тегі)
20__ ж.		аудитор	( біліктілігін көрсету)

Мемлекеттік аудитор  
біліктілігін иеленуге үміткер  
адамдарды сертификаттау  
қағидаларына 7-қосымша

Нысан

**Тиісті деңгейдегі мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер кандидат туралы  
ҚОРЫТЫНДЫ**

### 1. Жалпы мәліметтер

- 1) А.Ә.(болған жағдайда), Т.;
- 2) лауазымы, жұмыс орны;
- 3) мемлекеттік аудитор (ішкі мемлекеттік аудитор, мемлекеттік аудитор, жоғары санатты мемлекеттік аудитор) біліктілігі;
- 4) туған күні (күні, айы, жылы);

- 5) наградалары мен көтермелеулері;
- 6) білімі туралы мәліметтер;
- 7) жалпы өтілі (осы Қағидалардың 39, 40, 41-тармақтарында белгіленген);
- 8) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарындағы жалпы өтілі (болған жағдайда);
- 9) лауазымдық ауысуы;
- 10) тәртіптік жазалары туралы мәліметтер (болған жағдайда).

2. Білімін растаудан өту нәтижелері туралы ақпарат.

Дайындалған күні: \_\_\_\_\_

Ұлттық комиссия хатшысының қолы: \_\_\_\_\_

(А.Ә. (болған жағдайд), Т., қолы)

Мемлекеттік аудитор  
біліктілігін иеленуге үміткер  
адамдарды сертификаттау  
қағидаларына 8-қосымша  
Нысан

### **Мемлекеттік аудитор сертификаты**

Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау жөніндегі ұлттық комиссияның 20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_" № \_\_\_\_ шешімімен \_\_

(А.Ә.(болған жағдайда),Т.)

біліктілігі берілді.

#### **Ұлттық комиссияның**

**Төрағасы:**

(қолы) (А.Ә.(болған жағдайда),Т.)

М.О.

Берілген күні: 20 \_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_

Тіркеу номірі № \_\_\_\_

Мемлекеттік аудитор  
біліктілігін иеленуге үміткер  
адамдарды сертификаттау  
қағидаларына 9-қосымша  
Нысан

### **Мемлекеттік аудитор сертификаттарын есепке алу және беру журналы**

№	аты, әкесінің аты ( болған жағдайда), тегі	хаттама-ның күні және номірі	тиісті деңгейдегі мемлекеттік аудитор сертификатының берілген күні және номірі	біліктілігі	қолы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК